

## Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 ақпан N 195

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы студенттерінің ішінен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында аталған оқу орнына бөлінген қаражат пен штат санының шегінде әскери кафедра құру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, осы қаулыны іске асыру жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдасын.

3 . < \* >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі